**Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 25 мамырдағы № 137-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 мамырда № 38799 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы* | *М. Мелдебекова* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының Жасанды
интеллект және цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің

міндетін атқарушы
2026 жылғы 25 мамырдағы
№ 137-НҚ Бұйрықпен бекітілді

**Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізімі**

1. "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында:

47- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология негіздері;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

педагогикалық этиканың нормалары;

менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар;

әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымының бастығы (директоры) қосымша білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" және "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" (бұдан әрі - "ҚР қорғанысы және ҚК туралы") Заңдарын.";

48-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымының бастығы (директоры) үшін:

жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжаты, басшылық орындарда жұмыс өтілі, офицерлік лауазымдарда кемінде 15 жыл әскери қызмет өткеруі, әскери атағы запастағы подполковниктен немесе отставкадағы подполковниктен төмен емес болуы ( теріс себептер бойынша әскери қызметтен босатылған азаматтарды қоспағанда);

және (немесе) педагог – сарапшы немесе педагог – зерттеуші немесе педагог – шебер біліктілігінің болуы және запастағы подполковник немесе отставкадағы подполковник әскери атағының болуы; немесе "үшінші біліктілік санатындағы басшының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатындағы басшының орынбасары " немесе "бірінші біліктілік санатындағы басшының орынбасары" біліктілік санатының, немесе "үшінші біліктілік санатындағы басшысы" немесе "екінші біліктілік санатындағы басшысы" немесе "бірінші біліктілік санатындағы басшысы" біліктілік санатының болуы".

56, 57, 58 және 59-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология негіздері;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

педагогикалық этиканың нормалары;

менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымының бастығы (директоры) қосымша білуге тиіс:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" және "ҚР қорғанысы және ҚК туралы" Қазақстан Республикасының заңдары.

57. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

және (немесе) білім беру ұйымының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе " бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" біліктілік санатының болуы немесе "педагог – сарапшы" біліктілігінің болуы немесе "педагог – зерттеуші" немесе " педагог – шебер" біліктілігінің болуы.

Арнайы мектеп, мектеп-интернат, арнайы мектеп-колледж, "балабақша-мектеп" арнайы кешені басшысының орынбасары (директоры) үшін:

"Арнайы білім" ("Дефектология") бағыты бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат,

педагогикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде педагогикалық өтілі соңғы 2 жыл;

және (немесе) педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының, педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог – шебердің біліктілік санатының болуы.

Әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымының бастығының (директорының) орынбасары үшін:

жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжаты, әскери білім беру немесе әскери даярлықпен байланысты педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

және (немесе) білім беру ұйымдарының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе " бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" біліктілік санатының болуы, немесе "педагог – сарапшы" немесе "педагог – зерттеуші" немесе "педагог – шебер" біліктілігінің болуы.

Әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымы басшысының (директорының) орынбасары үшін әскери біліммен немесе әскери даярлықпен байланысты жұмыс өтілі кемінде 15 жыл болуы және педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжаттың болуы талап етіледі.

58. Лауазымдық міндеттері:

тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

аға тәлімгерлердің, ұзартылған күн топтары тәрбиешілерінің, сынып жетекшілерінің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің және қосымша білім беру педагогтерінің қызметін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады;

тәрбие жұмысы, мәдени-тәрбие іс-шараларын дайындау және өткізу бойынша құжаттаманы әзірлеуді қамтамасыз етеді;

тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

педагогтерді іріктеуге қатысады, кәсіби даму, педагогтердің біліктілігін және кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;

тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік – психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді;

білім беру процесінің барлық қатысушыларының толерантты мінез-құлық мәдениетін қамтамасыз етеді;

психологиялық қызметтің жұмысын және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесін үйлестіреді;

мектеп-ата-ана қатынастарының жаңа нысандарын, мектеп пен отбасының толық өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайын бақылауды жүзеге асырады;

тәрбие іс-шараларын өткізу кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;

кибермәдениетті (компьютерлік технологиялар мүмкіндіктерін пайдаланады) және кибергигиенаны дамытады (интернет желісінде жұмыс істеу дағдылары мен білімі бар);

білім алушылардың, педагогтердің конкурстарға, слеттерге, конференцияларға қатысуын қамтамасыз етеді;

кәсіптік бағыт беру жұмыстарын жүргізеді;

есептік құжаттаманың сапалы және уақтылы тапсырылуын қамтамасыз етеді;

ата-аналар үшін педагогикалық консилиумдар ұйымдастырады және өткізеді;

мектеп парламентінің, дебат қозғалысының, оқушылардың өзін-өзі басқаруының жұмыстарын ұйымдастырады;

"Қоғамға қызмет ету", "Отанға тағзым", "Үлкендерге құрмет", "Анаға құрмет" қоғамдық-пайдалы жұмыстарын ұйымдастырады;

білім беру ұйымдары түлектерінің қауымдастығын құру және қызметін қамтамасыз ету бойынша жұмысты үйлестіреді;

педагогикалық еңбек ардагерлерімен өзара іс-қимыл жасайды;

білім беру ұйымы мұражайының жұмысын ұйымдастырады;

туристік жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастырады;

білім алушылардың бойында патриоттық тәрбие, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді;

мектеп парламентін, дебат қозғалысын, оқушы өзін-өзі басқаруды және әскери-патриоттық тәрбиені дамыту жөнінде шараларды қабылдайды.

Әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымы бастығының орынбасары (директоры) үшін қосымша лауазымдық міндеттер:

білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді, оның орындалуын қамтамасыз етеді және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді;

білім беру ұйымының алғашқы әскери даярлық кабинеттерінің және (немесе) полигондарының материалдық базасын дамыту және нығайту, жабдықтар мен мүкәммалдың сақталуы, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы жөнінде шаралар қабылдайды;

әскери-патриоттық тәрбие бойынша үйірмелердің жұмысын үйлестіреді.

59. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасындағы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология негіздері;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

педагогикалық этиканың нормалары;

экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымы бастығының орынбасары (директоры) – оқу ротасының командирі қосымша білуге тиіс:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" және "ҚР қорғанысы және ҚК туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.";

3-тараудың 8-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-параграф. Орта білім беру ұйымдарының алғашқы әскери даярлығының педагог-ұйымдастырушысы";

68, 69, 70-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Лауазымдық міндеттері:

білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді;

оқу кабинетін жабдықтауға және жабдықтауға қойылатын талаптарды сақтайды;

басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, сынып жетекшілерімен (топ жетекшілерімен) бірлесіп, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді, оның орындалуын қамтамасыз етеді және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді;

білім беру ұйымдарының алғашқы әскери даярлық кабинеттерінің және (немесе) полигондарының материалдық базасын дамыту және нығайту, жабдықтар мен

құрал-саймандардың сақталуы, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы бойынша шаралар қабылдайды;

әскери іс негіздерін зерделеу бойынша үйірмелерге басшылық етеді, төтенше жағдай енгізілген жағдайда іс-қимыл жасау бойынша практикалық сабақтар мен жаттығулар өткізеді;

білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныс бойынша сабақтар өткізеді, төтенше жағдай енгізілген жағдайда іс-қимыл шараларын пысықтайды, азаматтық қорғанысқа арналған қорғаныс құрылыстары мен жеке қорғану құралдарының дайындығын қамтамасыз етеді;

оқу-тәрбие үдерісінде қауіпсіздік шараларын сақтайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын сіңіреді.

69. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы", " ҚР қорғанысы және ҚК туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери есепке алу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер;

білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеу, алғашқы әскери дайындық мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу пәнінің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;

педагогика және психология, әлеуметтану негіздері, қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

басқарудың инновациялық әдістері;

педагогикалық этиканың нормалары;

экономика негіздері, еңбек заңнамасы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары.

70. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар, жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білім беру ұйымдарының әскери кафедрасында (әскери факультетінде) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери қызметті немесе әскери даярлықтан өткен;

немесе жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі бар және педагогикалық қайта даярлаудан өткен офицерлік, аға немесе жоғары сержанттық құрамдар лауазымдарында әскери қызмет өткерген (әскери қызметке қайта кіру құқығынсыз теріс себептермен әскери қызметтен шығарылған азаматтарды қоспағанда).";

152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159 және 160-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"152. Лауазымдық міндеттері:

білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру ұйымын ұйымның Жарғысына және өзге де нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарға сәйкес басқарады;

мәдени-демалыс қызметі, дене шынықтыру мен спортты дамыту саласында әлеуметтік, қосымша білім беру қызметтерін көрсету бойынша құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

басқарудың заманауи әдістері негізінде жұмысты болжайды және жоспарлайды;

қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орындайды;

білім беру сапасын бақылауды жүзеге асырады, білім беру процесі кезінде білім алушылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне жағдайлар жасайды;

білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасайды;

балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады;

білім беру және тәрбиелеу мәселелері бойынша жақын және алыс шет елдердегі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің қосымша білім беру ұйымдарымен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту бойынша шараларды жүзеге асырады, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады;

басқару құрылымын айқындайды, балаларға қосымша білім беру ұйымының қаржы-шаруашылық қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады;

педагогтердің жұмысын үйлестіреді, қамқоршылық кеңестің және қоғамдық ұйымдардың, оның ішінде балалар ұйымдарының қызметіне жәрдемдеседі;

оқу-материалдық базаның есебін, сақталуын және толықтырылуын, санитариялық-гигиеналық режим, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

педагогтер мен қосалқы персоналды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жағдай жасайды;

жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (оларды алмастыратын адамдармен) жұмысты үйлестіреді;

есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді;

барлық органдарда ұйымның мүддесін білдіреді және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асырады.

Қосымша, әскерге шақыруға дейінгі дайындық бойынша қосымша білім беру ұйымының бастығы (директоры):

оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыс жоспарын бекітеді, оның орындалуын қамтамасыз етеді және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді;

әскери-патриоттық тәрбие бағытындағы үйірмелердің жұмысына бақылау жүргізеді .

153. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жұмыс бейінін және оның ерекшеліктерін айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика мен психология;

педагогикалық этиканың нормалары;

экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері;

компьютерлік сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өртке қарсы қорғау жөніндегі қағидалар, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Әскерге шақыруға дейінгі даярлық жөніндегі қосымша білім беру ұйымының бастығы (директоры) қосымша:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" және "ҚР қорғанысы және ҚК туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын білуге тиіс.

154. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткені туралы құжат, білім беру ұйымдарында педагогикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде білім беру жүйесінде үздіксіз жұмыс өтілі соңғы екі жыл, қосымша білім беру ұйымы басшысының орынбасары немесе басшысы лауазымындағы өтілі кемінде екі жыл;

және (немесе) педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог – шебердің біліктілігінің болуы; немесе білім беру ұйымының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе " үшінші біліктілік санатты басшы" немесе "екінші біліктілік санатты басшы" немесе " бірінші біліктілік санатты басшы" біліктілік санатының болуы;

осы тармақтың 2,3 – абзацтарындағы нормаларды қоспағанда, білім және ғылым саласындағы қызмет бағыты бойынша мемлекеттік қызметші лауазымындағы,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру немесе педагогикалық білімі бар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының басшысы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде бес жыл.

Әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білім беру ұйымының бастығы (директоры) әскери біліммен немесе әскери даярлықпен байланысты кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы және педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат.

155. Лауазымдық міндеттері:

педагогикалық ұжым қызметінің ағымдағы және келешектегі жоспарлануын ұйымдастырады;

үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын орындау бойынша педагогтердің жұмысын, сондай-ақ оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеуді үйлестіреді;

білім беру процесінің сапасын және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерін бағалаудың объективтілігін бақылауды жүзеге асырады;

педагогтерге инновациялық бағдарламаларды игеруге және әзірлеуге көмек көрсетеді;

іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмысты жүргізеді;

білім алушыларға, тәрбиеленушілер мен жұмыскерлерге жағдайларды қамтамасыз етеді, білім алушылар контингентін сақтау жөнінде шаралар қабылдайды;

ата-аналар арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастырады;

оқу сабақтарының кестесін жасайды;

белгіленген есептік құжаттаманың уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді;

білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

оқу кабинеттерін, аудиторияларды қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқытудың техникалық құралдарымен жарақтандыру, кітапхананы оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен толықтыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қосымша білім беру үшін жағдай жасайды;

білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

Қосымша, әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білім беру ұйымы бастығының (директорының) орынбасары:

білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді, оның орындалуын қамтамасыз етеді және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді;

әскери-патриоттық тәрбие беру жөніндегі үйірмелердің жұмысын үйлестіреді.

156. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдарын және балаларға қосымша білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, психологияны;

физиология және гигиена негіздерін;

педагогикалық этиканың нормаларын;

педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін;

экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін;

еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық қағидалар мен нормаларын.

Әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білім беру ұйымы бастығының орынбасары (директоры) қосымша білуге тиіс:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" және "ҚР қорғанысы және ҚК туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын.

157. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

және (немесе) педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог – шебердің біліктілігінің болуы; немесе білім беру ұйымының "басшының үшінші біліктілік санатты орынбасары" немесе "басшының екінші біліктілік санатты орынбасары" немесе "басшының бірінші біліктілік санатты орынбасары" біліктілік санатының болуы.

Әскерге шақыруға дейінгі даярлық бойынша қосымша білім беру ұйымының бастығы (директоры) үшін әскери біліммен немесе әскери даярлықпен байланысты кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің және педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаттың болуы.

158. Лауазымдық міндеттері:

қосымша білім беру саласында білім алушылардың әр түрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады;

үйірмелердегі, секциялардағы, студиялардағы, клубтық және басқа да балалар бірлестіктеріндегі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің құрамын жинақтайды, оларды оқу мерзімі ішінде сақтау жөнінде шаралар қабылдайды;

қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақ жоспарлары мен іс-шаралар бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

белгіленген құжаттаманы жүргізеді;

психофизиологиялық мақсатқа негізделген жұмыс формаларын, құралдары мен әдістерін педагогикалық негізделген таңдауды қамтамасыз етеді;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін анықтайды, жеке тұлғаның дамуына, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің дербес қызметін, оның ішінде зерттеу қызметін ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды қосады, оқытудың практикамен байланысын жүзеге асырады;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды;

білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесін бағалайды;

дарынды және талантты білім алушыларды, тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдайды;

әр түрлі деңгейдегі және бағыттағы іс-шараларға балалардың қатысуын ұйымдастырады;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің каникулдық демалысын ұйымдастыруға қатысады;

сабақтар өткізу кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалардың сақталуын қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жауапты болады;

ата-аналарға және оларды ауыстыратын тұлғаларға, сондай-ақ педагогтерге консультациялық көмек көрсетеді;

әдістемелік кеңестердің, бірлестіктердің қызметіне, педагогикалық шеберлікті арттыруға бағытталған іс-шараларға қатысады;

жүйелі түрде кәсіби біліктілігін арттырады.

Қосымша, әскерге шақыруға дейінгі дайындық бойынша қосымша білім беру ұйымының педагогі:

білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді;

оқу кабинетін жабдықтауға және жабдықтауға қойылатын талаптарды сақтайды;

басшының орынбасарымен бірлесіп оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді, оның орындалуын қамтамасыз етеді және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді;

кабинеттердің және (немесе) полигондардың материалдық базасын дамыту және нығайту, жабдықтар мен мүкәммалдың сақталуы, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы жөнінде шаралар қабылдайды;

әскери істің негіздерін зерделеу бойынша сабақтар өткізеді, практикалық сабақтар мен жаттығулар өткізеді;

төтенше жағдай енгізілген жағдайларда әрекет ету жөніндегі іс-шараларды пысықтайды, қорғаныс құрылыстарының, азаматтық қорғаныс бойынша жеке қорғаныс құралдарының дайындығын қамтамасыз етеді;

оқу-тәрбие процесінде қауіпсіздік шараларын сақтайды;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.

159. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы " заңдары және білім беру қызметін, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағыттарын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология негіздерін, еңбек заңнамасы;

педагогикалық этиканың нормалары;

тәрбие жұмысының әдістемесін, өнімді, сараланған, дамытушылық оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары, құзыреттілік тәсілді іске асыру;

білім алушылармен, әртүрлі жастағы тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен (оларды алмастыратын адамдармен), педагогтермен байланыс орнату, жанжалды жағдайлардың себептерін диагностикалау, олардың алдын алу және шешу әдістері;

білім беру ұйымдарының ішкі еңбек тәртібінің қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі қағидалары.

Әскерге шақыруға дейінгі дайындық бойынша қосымша білім беру ұйымының педагогі қосымша білуі тиіс:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" және "ҚР қорғанысы және ҚК туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары.

160. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық бейіндегі техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

және біліктіліктің орта немесе жоғары деңгейі болған кезде: педагог-модератор үшін - кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл мамандығы бойынша жұмыс өтілі;

және біліктіліктің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі - кемінде 5 жыл;

Әскерге шақыруға дейінгі дайындық бойынша қосымша білім беру ұйымының педагогі үшін:

тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі, әскери қызмет немесе жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білім беру ұйымдарының әскери кафедрасында (әскери факультетінде) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлық өткергендер;

немесе жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі бар және педагогикалық қайта даярлаудан өткен офицерлік, аға немесе жоғары сержанттық құрамдар лауазымдарында әскери қызмет өткергендер (әскери қызметке қайта кіру құқығынсыз теріс себептермен әскери қызметтен шығарылған азаматтарды қоспағанда).";

10-тараудың 13-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-параграф. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының алғашқы әскери даярлығының педагог-ұйымдастырушысы";

288, 289, 290 - тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"288. Лауазымдық міндеттері:

білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді;

оқу кабинетін жарақтандыруға және жабдықтауға қойылатын талаптарды сақтайды;

басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, сынып жетекшілерімен (топ жетекшілерімен) бірлесіп, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді, оның орындалуын қамтамасыз етеді және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді;

білім беру ұйымдарының алғашқы әскери даярлық кабинеттерінің және (немесе) полигондарының материалдық базасын дамыту және нығайту, жабдықтар мен мүкәммалдың сақталуы, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы бойынша шаралар қабылдайды;

әскери іс негіздерін зерделеу бойынша үйірмелерге басшылық етеді, төтенше жағдай енгізілген жағдайлардағы іс-қимылдар бойынша практикалық сабақтар мен жаттығулар өткізеді;

білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныс бойынша сабақтар өткізеді, төтенше жағдай енгізілген жағдайларда әрекет ету бойынша іс - шараларды пысықтайды, қорғаныс құрылыстарының, азаматтық қорғаныс бойынша жеке қорғаныс құралдарының дайындығын қамтамасыз етеді;

білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

289. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың

құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы", "ҚР қорғанысы туралы және ҚК туралы" Заңдары, Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери есепке алу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер;

білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеу, алғашқы әскери дайындық мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу пәнінің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;

педагогика және психология, әлеуметтану негіздері, қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

басқарудың инновациялық әдістері;

педагогикалық этиканың негізгі нормаларын сақтайды;

экономика негіздері, еңбек туралы заңнама, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары.

290. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар, жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білім беру ұйымдарының әскери кафедрасында (әскери факультетінде) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери қызметті немесе әскери даярлықтан өткен;

немесе жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі бар және педагогикалық қайта даярлаудан өткен офицерлік, аға немесе жоғары сержанттық құрамдар лауазымдарында әскери қызмет өткергендер (әскери қызметке қайта кіру құқығынсыз теріс себептермен әскери қызметтен шығарылған азаматтарды қоспағанда).";

мынадай мазмұндағы 24-параграфпен толықтырылсын:

"Параграф 24. Оқу взводының командирі – әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықпен айналысатын мамандандырылған білім беру ұйымының тәрбиешісі

332. Лауазымдық міндеттері:

балалардың өмірі мен денсаулығының сақталуын, қажетті тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ететін жағдайлар жасайды, тәрбиеленушілердің күн режимінің сақталуын қамтамасыз етеді;

білім беру ұйымдарымен байланыс орнатады, сынып жетекшілерімен өзара іс-қимыл жасайды;

тәрбиеленушілердің жалпы орта білім алуына ықпал етеді;

тәрбиеленушілердің өзіне-өзі қызмет көрсету, жеке гигиена қағидаларын сақтау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

білім алушыларды спорттық-сауықтыру және әскери-патриоттық тәрбиелеуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес баланың құқықтарын іске асыруға ықпал етеді, тәрбиеленушілермен жұмысты ұйымдастырады, олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды;

жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

ата-аналармен немесе заңды өкілдермен байланыста болады;

білім алушылармен жеке жұмыс жүргізеді;

білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларының талаптарын орындайды.

әр баланың жеке басын дамыту мақсатында балалардың жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділігін зерттейді;

тәрбиеленушілердің күн тәртібін орындауын, үй тапсырмаларын дайындауын, қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуын ұйымдастырады;

оларға оқуға, бос уақытын ұйымдастыруға және қосымша білім алуға көмек көрсетеді;

оқушылармен сабақтан тыс уақытта тәрбие жұмысын жүргізеді;

оқушылардың жасын ескере отырып, өзіне-өзі қызмет көрсету, жеке гигиена қағидаларын сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

медицина қызметкерлерімен бірлесіп тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауды және нығайтуды қамтамасыз етеді, олардың психофизикалық дамуына ықпал ететін іс-шаралар жүргізеді, ұйымдарда болған уақытында балалардың өмірі мен денсаулығына дербес жауапты болады;

мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

белгіленген есептік құжаттаманы сапалы және уақтылы жасауды және тапсыруды қамтамасыз етеді;

тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын сіңіреді;

аға тәрбиешінің міндеттерін орындау кезінде тәрбиешілердің жұмысына басшылық жасайды;

333. Білуі керек:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы", "ҚР қорғанысы және ҚК туралы", " Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары және білім беруді

дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология негіздері;

педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

педагогикалық этика нормалары;

менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет, еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау қағидалары, санитариялық нормалар.

334. Жоғары білімінің, әскери қызмет өтілі кемінде 15 жыл және педагогикалық қайта даярлаудан өткен болуы.".

2. "Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарында:

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Комиссия біліктілік санатын:

"педагог-модератор" біліктілік санаты Президенттің кадр резервіне кірген немесе ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы дәрежесі бар тұлғаларға, Nazarbayev University, "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне, қолданыстағы Сэлта CELTA сертификаты бар (сертифекейт ин инглиш лэнгуиж тичинг ту адалтс. Кембридж Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) пас энд эбав Pass and above) және қолданыстағы Дэлта DELTA сертификаты (диплом ин инглш лэнгуидж тичинг ту адалтс Diploma in English Language Teaching to Adults) пасэндэбав Pass and above) шет тілі педагогтеріне және майор немесе штаб-сержанттан төмен емес әскери атағы бар тұлғаларға; білім басқару органынан, білім саласындағы уәкілетті органнан, біліктілікті арттыру ұйымынан, сондай-ақ жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру ұйымдарынан білім беру ұйымдарына ауысқан тұлғаларға береді.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен жүргізіледі.";

12-қосымша осы тізбенің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтады;

2) өз қызметін мектепке дейінгі ұйыммен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады;

3) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығымен оның отырыстарына қатысады;

4) мектепке дейінгі ұйымның қызметіне, оның ішінде білім беру үдерісін жетілдіру, материалдық-техникалық базаны жақсарту, тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) Қамқоршылық кеңестің құзыреті шегінде білім беру ұйымы әкімшілігінен қажетті ақпаратты алады;

6) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді оның отырыстарында қарастыруды бастамашылық жасайды;

7) мектепке дейінгі ұйымды дамытуға бағытталған жобаларды, іс-шараларды және бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

8) Қамқоршылық кеңестің мүддесін мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда білдіруге құқылы ;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және осы Ереженің талаптарын сақтайды;

10) жүктелген функцияларды адал және объективті түрде орындайды;

11) Қамқоршылық кеңестің және мектепке дейінгі ұйымның беделін арттыруға ықпал етеді;

12) қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

13) шешім қабылдау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуге және оның бар екендігі туралы Қамқоршылық кеңесті хабардар етеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан жергілікті өкілдік және/немесе атқарушы және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссия хатшысы болып табылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттарды мектепке дейінгі ұйымдар ұсынады және олар ата-аналар қауымдастығының жалпы жиналысында (бұдан әрі – жиналыс) төмендегі ұсыну тәртібі бойынша іріктеуден өтеді:

1) мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жиналыс өткізілетін күннен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ата-аналарға (заңды өкілдерге) жиналыстың күні, уақыты және өткізілетін орны көрсетілген жазбаша немесе электрондық хабарламалар жібереді. Сонымен қатар, хабарландыру мектепке дейінгі ұйымның ақпараттық стендіне және/немесе ресми интернет-ресурсына орналастырылады;

2) әр жас тобының тәрбиеленушілерінің ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері топ атынан 1 (бір) кандидатурадан артық ұсынбайды. Кандидатуралар жиналыста ауызша немесе алдын ала мектепке дейінгі ұйым басшысының атына кандидаттың келісімі көрсетілген жазбаша түрде ұсынылады.

Қамқоршылық кеңестің жұмысына жеке тұлға ретінде қатысқысы келетін азаматтар жиналыс барысында өз кандидатурасын өз бетінше ұсынуға құқылы;

3) ұсынылған әрбір кандидат жиналыста өзін қысқаша таныстырып, өзінің тәжірибесі мен Қамқоршылық кеңестің жұмысына қатысуға деген мотивациясы туралы айтып береді;

4) ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдердің жиналыстағы дауыс беруі ашық немесе жабық түрде өткізіледі (қатысушылардың көпшілігінің шешімі бойынша анықталады). Жас тобы атынан ең көп дауыс жинаған кандидат сайланды деп есептеледі;

5) дауыс беру нәтижелері еркін нысандағы хаттамамен рәсімделеді, хаттамаға жиналыс төрағасы мен хатшысы қол қояды. Хаттамаға осы Ереженің 9-тармағында көзделген құжаттар қоса тіркеледі;

6) сайланған кандидаттардың тізімі (әр жас тобы бойынша бір кандидаттан) құжаттардың толық топтамасымен бірге тиісті саладағы уәкілетті органға немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жиналыс өткізілген күннен бастап 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін Комиссияның хатшысы кандидаттардың ұсынған құжаттары көрсетілген жиынтық тізімді (еркін нысанда) қалыптастырып, оны 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комиссия мүшелеріне береді.";

мынадай мазмұндағы 12-1 және 12-2-тармақтармен толықтырылсын:

"12-1. Комиссия кандидатураларды қарау бойынша отырысты екі кезеңде өткізеді:

1) алдын ала тексеру – ұсынылған құжаттардың толықтығын және белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау (осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес);

2) ашық талқылау және дауыс беру – кандидаттар туралы қысқаша сипаттамаларды тыңдау (қажет болған жағдайда – олардың жеке қатысуы немесе қашықтан қосылуы),

Комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру, содан кейін әрбір кандидатура бойынша дауыс беру өткізіледі.

12-2. Дауыс беру ашық түрде, аты-жөні көрсетілген тізім бойынша жүргізіледі және нәтижесі хаттамада тіркеледі. Комиссияның әрбір мүшесіне кандидатқа "қолдаймын" немесе "қарсымын" деп дауыс беру мүмкіндігі беріледі. Кандидат Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берген жағдайда сайланды деп есептеледі.

Бір санаттағы кандидаттар саны (осы Ереженің 10-тармағына сәйкес) белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, ең көп дауыс жинаған кандидаттар сайланды деп танылады.";

Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтады;

2) өз қызметін білім беру ұйымымен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асырады;

3) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығымен оның отырыстарына қатысады;

4) білім беру ұйымның қызметіне, оның ішінде білім беру үдерісін жетілдіру, материалдық-техникалық базаны жақсарту, тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) Қамқоршылық кеңестің құзыреті шегінде білім беру ұйымы әкімшілігінен қажетті ақпаратты алады;

6) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді оның отырыстарында қарастыруды бастамашылық жасайды;

7) білім беру ұйымды дамытуға бағытталған жобаларды, іс-шараларды және бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

8) Қамқоршылық кеңестің мүддесін мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда білдіруге құқылы ;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және осы Ереженің талаптарын сақтайды;

10) жүктелген функцияларды адал және объективті түрде орындайды;

11) Қамқоршылық кеңестің және білім беру ұйымның беделін арттыруға ықпал етеді;

12) қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

13) шешім қабылдау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуге және оның бар екендігі туралы Қамқоршылық кеңесті хабардар етеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан жергілікті өкілдік және/немесе атқарушы және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссия хатшысы болып табылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттарды білім беру ұйымдары ұсынады және олар ата-аналар қауымдастығының жалпы жиналысында (бұдан әрі – жиналыс) төмендегі ұсыну тәртібі бойынша іріктеуден өтеді:

1) білім беру ұйымының әкімшілігі жиналыс өткізілетін күннен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ата-аналарға (заңды өкілдерге) жиналыстың күні, уақыты және өткізілетін орны көрсетілген жазбаша немесе электрондық хабарламалар жібереді. Сонымен қатар, хабарландыру білім беру ұйымының ақпараттық стендіне және/немесе ресми интернет-ресурсына орналастырылады;

2) осы білім беру ұйымының білім алушыларының ата-аналары (заңды өкілдері) әр параллел сыныптарынан 1 (бір) кандидатурадан артық ұсынбайды. Кандидатуралар жиналыста ауызша не алдын ала білім беру ұйымы басшысының атына кандидаттың келісімі көрсетілген жазбаша түрде ұсынылады.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысына жеке тұлға ретінде қатысқысы келетін азаматтар жиналыс барысында өз кандидатурасын өз бетінше ұсынуға құқылы;

3) ұсынылған әрбір кандидат жиналыста өзін қысқаша таныстырып, өзінің тәжірибесі мен Қамқоршылық кеңестің жұмысына қатысуға деген мотивациясы туралы айтып береді;

4) ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің жиналыстағы дауыс беруі ашық немесе жабық түрде өткізіледі (қатысушылардың көпшілігінің шешімі бойынша анықталады). Парралел сыныбы атынан түскен ең көп дауыс жинаған кандидат сайланды деп есептеледі.

5) дауыс беру нәтижелері (еркін нысандағы) хаттамамен рәсімделеді, хаттамаға жиналыс төрағасы мен хатшысы қол қояды. Хаттамаға осы Ереженің 9-тармағында көзделген құжаттар қоса тіркеледі;

6) сайланған кандидаттардың тізімі (әр жас тобы бойынша бір кандидаттан) құжаттардың толық топтамасымен бірге тиісті саладағы уәкілетті органға немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жиналыс өткізілген күннен бастап 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін Комиссияның хатшысы кандидаттардың ұсынған құжаттары көрсетілген жиынтық тізімді (еркін нысанда) қалыптастырып, оны 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комиссия мүшелеріне береді.";

мынадай мазмұндағы 12-1 және 12-2-тармақтармен толықтырылсын:

"12-1. Комиссия кандидатураларды қарау бойынша отырысты екі кезеңде өткізеді:

1) алдын ала тексеру – ұсынылған құжаттардың толықтығын және белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау (осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес);

2) ашық талқылау және дауыс беру – кандидаттар туралы қысқаша сипаттамаларды тыңдау (қажет болған жағдайда – олардың жеке қатысуы немесе қашықтан қосылуы), Комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру, содан кейін әрбір кандидатура бойынша дауыс беру өткізіледі.

12-2. Дауыс беру ашық түрде, аты-жөні көрсетілген тізім бойынша жүргізіледі және нәтижесі хаттамада тіркеледі. Комиссияның әрбір мүшесіне кандидатқа "қолдаймын" немесе "қарсымын" деп дауыс беру мүмкіндігі беріледі. Кандидат Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берген жағдайда сайланды деп есептеледі.

Бір санаттағы кандидаттар саны (осы Ереженің 10-тармағына сәйкес) белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, ең көп дауыс жинаған кандидаттар сайланды деп танылады.";

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтады;

2) өз қызметін ТжКБ білім беру ұйымымен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/ немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асырады;

3) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығымен оның отырыстарына қатысады;

4) ТжКБ ұйымының қызметіне, оның ішінде білім беру үдерісін жетілдіру, материалдық-техникалық базаны жақсарту, тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) Қамқоршылық кеңестің құзыреті шегінде ТжКБ ұйымы әкімшілігінен қажетті ақпаратты алады;

6) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді оның отырыстарында қарастыруды бастамашылық жасайды;

7) ТжКБ ұйымды дамытуға бағытталған жобаларды, іс-шараларды және бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

8) Қамқоршылық кеңестің мүддесін мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда білдіруге құқылы ;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және осы Ереженің талаптарын сақтайды;

10) жүктелген функцияларды адал және объективті түрде орындайды;

11) Қамқоршылық кеңестің және білім беру ұйымның беделін арттыруға ықпал етеді;

12) қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

13) шешім қабылдау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуге және оның бар екендігі туралы Қамқоршылық кеңесті хабардар етеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан жергілікті өкілдік және/немесе атқарушы және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссия хатшысы болып табылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттарды ТжКБ ұйымдары ұсынады және олар ата-аналар қауымдастығының жалпы жиналысында (бұдан әрі – жиналыс) төмендегі ұсыну тәртібі бойынша іріктеуден өтеді:

1) ТжКБ ұйымының әкімшілігі жиналыс өткізілетін күннен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ата-аналарға (заңды өкілдерге) жиналыстың күні, уақыты және өткізілетін орны көрсетілген жазбаша немесе электрондық хабарламалар жібереді. Сонымен қатар, хабарландыру білім беру ұйымның ақпараттық стендіне және/немесе ресми интернет-ресурсына орналастырылады;

2) аталған ТжКБ білім алушыларының ата-аналары немесе өзге заңды өкілдері әр курс бойынша 1 (бір) кандидатурадан артық емес ұсына алады. Кандидатуралар

жиналыста ауызша не алдын ала ТжКБ ұйымы басшысының атына кандидаттың келісімі көрсетілген жазбаша түрде ұсынылады.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысына жеке тұлға ретінде қатысқысы келетін азаматтар жиналыс барысында өз кандидатурасын өз бетінше ұсынуға құқылы;

3) ұсынылған әрбір кандидат жиналыста өзін қысқаша таныстырып, өзінің тәжірибесі мен Қамқоршылық кеңестің жұмысына қатысуға деген мотивациясы туралы айтып береді;

4) ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің жиналыстағы дауыс беруі ашық немесе жабық түрде өткізіледі (қатысушылардың көпшілігінің шешімі бойынша анықталады). Парралел тобы атынан түскен ең көп дауыс жинаған кандидат сайланды деп есептеледі.

5)дауыс беру нәтижелері (еркін нысандағы) хаттамамен рәсімделеді, хаттамаға жиналыс төрағасы мен хатшысы қол қояды. Хаттамаға осы Ереженің 9-тармағында көзделген құжаттар қоса тіркеледі;

6)сайланған кандидаттардың тізімі (әр жас тобы бойынша бір кандидаттан) құжаттардың толық топтамасымен бірге тиісті саладағы уәкілетті органға немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жиналыс өткізілген күннен бастап 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпмен толықтырылсын:

"11-1. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін Комиссияның хатшысы кандидаттардың ұсынған құжаттары көрсетілген жиынтық тізімді (еркін нысанда) қалыптастырып, оны 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комиссия мүшелеріне береді.";

мынадай мазмұндағы 12-1 және 12-2-тармақтармен толықтырылсын:

"12-1. Комиссия кандидатураларды қарау бойынша отырысты екі кезеңде өткізеді:

1) алдын ала тексеру – ұсынылған құжаттардың толықтығын және белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау (осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес);

2) ашық талқылау және дауыс беру – кандидаттар туралы қысқаша сипаттамаларды тыңдау (қажет болған жағдайда – олардың жеке қатысуы немесе қашықтан қосылуы), Комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру, содан кейін әрбір кандидатура бойынша дауыс беру өткізіледі.

12-2. Дауыс беру ашық түрде, аты-жөні көрсетілген тізім бойынша жүргізіледі және нәтижесі хаттамада тіркеледі. Комиссияның әрбір мүшесіне кандидатқа "қолдаймын" немесе "қарсымын" деп дауыс беру мүмкіндігі беріледі. Кандидат Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берген жағдайда сайланды деп есептеледі.

Бір санаттағы кандидаттар саны (осы Ереженің 10-тармағына сәйкес) белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, ең көп дауыс жинаған кандидаттар сайланды деп танылады.";

Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтады;

2) өз қызметін мектептен тыс ұйымымен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асырады;

3) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығымен оның отырыстарына қатысады;

4) мектептен тыс ұйымның қызметіне, оның ішінде білім беру үдерісін жетілдіру, материалдық-техникалық базаны жақсарту, тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) Қамқоршылық кеңестің құзыреті шегінде мектептен тыс ұйымы әкімшілігінен қажетті ақпаратты алады;

6) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді оның отырыстарында қарастыруды бастамашылық жасайды;

7) мектепкен тыс ұйымды дамытуға бағытталған жобаларды, іс-шараларды және бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

8) Қамқоршылық кеңестің мүддесін мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда білдіруге құқылы ;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және осы Ереженің талаптарын сақтайды;

10) жүктелген функцияларды адал және объективті түрде орындайды;

11) Қамқоршылық кеңестің және мектепке дейінгі ұйымның беделін арттыруға ықпал етеді;

12) қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

13) шешім қабылдау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуге және оның бар екендігі туралы Қамқоршылық кеңесті хабардар етеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан жергілікті өкілдік және/немесе атқарушы және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті

саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссия хатшысы болып табылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттарды мектептен тыс ұйымдары ұсынады және олар ата-аналар қауымдастығының жалпы жиналысында (бұдан әрі – жиналыс) төмендегі ұсыну тәртібі бойынша іріктеуден өтеді:

1) мектептен тыс ұйымының әкімшілігі жиналыс өткізілетін күннен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ата-аналарға (заңды өкілдерге) жиналыстың күні, уақыты және өткізілетін орны көрсетілген жазбаша немесе электрондық хабарламалар жібереді. Сонымен қатар, хабарландыру білім беру ұйымның ақпараттық стендіне және/немесе ресми интернет-ресурсына орналастырылады;

2) осы мектептен тыс ұйымының білім алушыларының ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері әр жас тобынан 1 (бір) кандидатурадан артық ұсынбайды. Кандидатуралар жиналыста ауызша не алдын ала мектептен тыс ұйымы басшысының атына кандидаттың келісімі көрсетілген жазбаша түрде ұсынылады.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысына жеке тұлға ретінде қатысқысы келетін азаматтар жиналыс барысында өз кандидатурасын өз бетінше ұсынуға құқылы;

3) ұсынылған әрбір кандидат жиналыста өзін қысқаша таныстырып, өзінің тәжірибесі мен Қамқоршылық кеңестің жұмысына қатысуға деген мотивациясы туралы айтып береді;

4) ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің жиналыстағы дауыс беруі ашық немесе жабық түрде өткізіледі (қатысушылардың көпшілігінің шешімі бойынша анықталады). Параллел сыныбы атынан түскен ең көп дауыс жинаған кандидат сайланды деп есептеледі;

5) дауыс беру нәтижелері (еркін нысандағы) хаттамамен рәсімделеді, хаттамаға жиналыс төрағасы мен хатшысы қол қояды. Хаттамаға осы Ереженің 9-тармағында көзделген құжаттар қоса тіркеледі;

6) сайланған кандидаттардың тізімі (әр жас тобы бойынша бір кандидаттан) құжаттардың толық топтамасымен бірге тиісті саладағы уәкілетті органға немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жиналыс өткізілген күннен бастап 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін Комиссияның хатшысы кандидаттардың ұсынған құжаттары көрсетілген жиынтық тізімді (еркін нысанда) қалыптастырып, оны 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комиссия мүшелеріне береді.";

мынадай мазмұндағы 12-1 және 12-2-тармақтармен толықтырылсын:

"12-1. Комиссия кандидатураларды қарау бойынша отырысты екі кезеңде өткізеді:

1) алдын ала тексеру – ұсынылған құжаттардың толықтығын және белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау (осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес);

2) ашық талқылау және дауыс беру – кандидаттар туралы қысқаша сипаттамаларды тыңдау (қажет болған жағдайда – олардың жеке қатысуы немесе қашықтан қосылуы), Комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру, содан кейін әрбір кандидатура бойынша дауыс беру өткізіледі.

12-2. Дауыс беру ашық түрде, аты-жөні көрсетілген тізім бойынша жүргізіледі және нәтижесі хаттамада тіркеледі. Комиссияның әрбір мүшесіне кандидатқа "қолдаймын" немесе "қарсымын" деп дауыс беру мүмкіндігі беріледі. Кандидат Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берген жағдайда сайланды деп есептеледі.

Бір санаттағы кандидаттар саны (осы Ереженің 10-тармағына сәйкес) белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, ең көп дауыс жинаған кандидаттар сайланды деп танылады.";

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтады;

2) өз қызметін білім беру ұйымымен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асырады;

3) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығымен оның отырыстарына қатысады;

4) білім беру ұйымның қызметіне, оның ішінде білім беру үдерісін жетілдіру, материалдық-техникалық базаны жақсарту, тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) Қамқоршылық кеңестің құзыреті шегінде білім беру ұйымы әкімшілігінен қажетті ақпаратты алады;

6) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді оның отырыстарында қарастыруды бастамашылық жасайды;

7) білім беру ұйымды дамытуға бағытталған жобаларды, іс-шараларды және бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

8) Қамқоршылық кеңестің мүддесін мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда білдіруге құқылы ;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және осы Ереженің талаптарын сақтайды;

10) жүктелген функцияларды адал және объективті түрде орындайды;

11) Қамқоршылық кеңестің және мектепке дейінгі ұйымның беделін арттыруға ықпал етеді;

12) қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

13) шешім қабылдау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуге және оның бар екендігі туралы Қамқоршылық кеңесті хабардар етеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан жергілікті өкілдік және/немесе атқарушы және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссия хатшысы болып табылады.".

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттарды білім беру ұйымдары ұсынады және олар ата-аналар қауымдастығының жалпы жиналысында (бұдан әрі – жиналыс) төмендегі ұсыну тәртібі бойынша іріктеуден өтеді:

1) білім беру ұйымының әкімшілігі жиналыс өткізілетін күннен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын педагогтер мен кандидаттарға жиналыстың күні, уақыты және өткізілетін орны көрсетілген жазбаша немесе электрондық хабарламалар жібереді. Сонымен қатар, хабарландыру білім беру ұйымның ақпараттық стендіне және/немесе ресми интернет-ресурсына орналастырылады;

2) кандидаттар педагогтар тарапынан педагогикалық кеңесте ауызша немесе алдын ала ұйым басшысының атына жазбаша түрде, кандидаттардің келісімі көрсетілген түрде ұсынылады.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысына жеке тұлға ретінде қатысқысы келетін азаматтар педагогикалық кеңестің барысында өз кандидатурасын өз бетінше ұсынуға құқылы;

3) ұсынылған әрбір кандидат жиналыста өзін қысқаша таныстырып, өзінің тәжірибесі мен Қамқоршылық кеңестің жұмысына қатысуға деген мотивациясы туралы айтып береді;

4) педагогтердің педагогикалық кеңестегі дауыс беруі ашық немесе жабық түрде өткізіледі (қатысушылардың көпшілігінің шешімі бойынша анықталады). Ең көп дауыс жинаған кандидат сайланды деп есептеледі.

5) дауыс беру нәтижелері (еркін нысандағы) хаттамамен рәсімделеді, хаттамаға жиналыс төрағасы мен хатшысы қол қояды. Хаттамаға осы Ереженің 9-тармағында көзделген құжаттар қоса тіркеледі;

6) сайланған кандидаттардың тізімі құжаттардың толық топтамасымен бірге тиісті саладағы уәкілетті органға немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға педагогикалық кеңес өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін Комиссияның хатшысы кандидаттардың ұсынған құжаттары көрсетілген жиынтық тізімді (еркін нысанда) қалыптастырып, оны 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комиссия мүшелеріне береді.";

мынадай мазмұндағы 12-1 және 12-2-тармақтармен толықтырылсын:

"12-1. Комиссия кандидатураларды қарау бойынша отырысты екі кезеңде өткізеді:

1) алдын ала тексеру – ұсынылған құжаттардың толықтығын және белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау (осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес);

2) ашық талқылау және дауыс беру – кандидаттар туралы қысқаша сипаттамаларды тыңдау (қажет болған жағдайда – олардың жеке қатысуы немесе қашықтан қосылуы), Комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру, содан кейін әрбір кандидатура бойынша дауыс беру өткізіледі.

12-2. Дауыс беру ашық түрде, аты-жөні көрсетілген тізім бойынша жүргізіледі және нәтижесі хаттамада тіркеледі. Комиссияның әрбір мүшесіне кандидатқа "қолдаймын" немесе "қарсымын" деп дауыс беру мүмкіндігі беріледі. Кандидат Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берген жағдайда сайланды деп есептеледі.

Бір санаттағы кандидаттар саны (осы Ереженің 10-тармағына сәйкес) белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, ең көп дауыс жинаған кандидаттар сайланды деп танылады.";

4. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында:

23-тармақтың стандартында манадай редакцияда жазылсын:

"8) "Алғашқы әскери дайындық".

Оқу пәнінің мазмұны білім алушыларда әскери істің негіздері, Қазақстан Республикасының қорғаныс күштерінің қазіргі құрылымы мен мүмкіндіктері туралы жүйелі түсініктің қалыптасуын; Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметті мемлекет пен қоғамға қызмет етудің бір нысаны ретінде түсіну туралы білімнің қалыптасуын; оқу каруымен және қорғаныс құралдарымен қауіпсіз жұмыс

істеудің тұрақты практикалық дағдыларын; әртүрлі жағдайларда шағын бөлімше құрамында әрекет етуге арналған базалық тактикалық дағдыларды; дәстүрлі және цифрлық навигациялық жүйелерді пайдалана отырып, жергілікті жерде бағдарлай білу іскерліктерін; азаматтық пен патриотизм дүниетанымын қалыптастыруды; тұлғалық тұрақтылықты, ерік-жігер қасиеттерін және көшбасшылық дағдыларды дамытуды; дрондар, жасанды интеллект, геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) және цифрлық басқару жүйелері сияқты заманауи технологиялардың мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етудегі рөлін түсінуді; білім алушыларды әскери қызметті саналы түрде таңдауға даярлауды; қабылданатын шешімдер үшін қауіпсіздік мәдениеті мен жауапкершілікті қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс. Практикалық даярлық міндетті түрде тактикалық іс-қимылдарды қауіпсіз модельдеу, дрондарды басқару және командалық үйлестіруді пысықтау үшін үшөлшемді симуляторларды (геотактикалық платформаларды) пайдалануды қамтиды. Алынған білім мен дағдыларды нақты жағдайларда бекіту міндетті түрде оқу-далалық сабақтарды өткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Оқу пәні әскери-патриоттық тәрбиелеу жүйесінде, білім алушылардың әскери саладағы цифрлық және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды орын алады.

Оқу пәні қазақстан әскерінің даму тарихымен танысу және оның бүгінгі жай-күйін зерделеу арқылы әскери тұрғыдан жігерлі, батыл, денсаулығы мықты, әскери тұрғыдан функционалдық сауатты тұлғаны дамытуға бағытталған.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Міндетті оқу пәндері қатарына "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін), "Орыс тілі" және "Орыс әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін), "Ана тілі" мен "Әдебиет" (оқыту ұйғыр/өзбек/тәжік тілінде жүргізілетін сыныптар үшін), "Қазақ тілі мен әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін), "Орыс тілі мен әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін), "Шетел тілі", "Алгебра және анализ бастамалары", " Геометрия", "Информатика", "Қазақстан тарихы", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери дайындық" пәндері енеді.";

44-тармақтың сексен бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алғашқы әскери дайындық:

1) әскери істің негіздерін, Қазақстан Республикасының қорғаныс күштерінің құрылымы мен міндеттерін; төменгі тактикалық буын бөлімшесінің ұйымдастырылуы мен іс-қимылдарын, оның ішінде бөлімшенің қорғаныста, шабуылда және қалалық жағдайда жүргізетін тактикасын; штаттық қарудың, оның оқу макеттерінің, оқ-дәрілердің және қорғаныс құралдарының арналуын, құрылысын және олармен қауіпсіз жұмыс істеу қағидаларын; ұшқышсыз және роботтандырылған жүйелерді қолдану негіздерін, сондай-ақ жаһандық навигациялық жүйелердің (GPS, ГЛОНАСС,

BeiDou, Galileo) жұмыс істеу қағидаттарын; киберқауіпсіздік, цифрлық қорғаныстың негіздерін және әскери салада жасанды интеллектіні қолдану қағидаттарын; қазіргі заманғы зақымдау құралдарының әсер ету ерекшеліктерін және төтенше жағдайлар жағдайында әрекет ету алгоритмдерін; тактикалық медицинаның қағидаттарын және тәуекелдің әртүрлі аймақтарында алғашқы көмек көрсету тәртібін біледі.

2) тәртіптің, командалық өзара іс-қимылдың және жауапкершіліктің маңызын; мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етудегі заманауи технологиялардың рөлін және цифрлық қауіпсіздіктің маңыздылығын; жеке тұлғаның тұрақтылығы мен бөлімшенің жауынгерлік қабілеті арасындағы өзара байланысты; қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолданудың салдарын, сондай-ақ төтенше жағдайлардың ықтимал әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салдарын түсінеді.

3) жергілікті жерде дәстүрлі және цифрлық құралдармен бағдарлану дағдыларын; типтік тактикалық жағдайларда сарбаздың іс-қимыл алгоритмдерін, оның ішінде үшөлшемді симуляторларда сценарийлерді пысықтауды; бүркемеленудің, жасырынудың және инженерлік қорғаныстың базалық тәсілдерін; оқу қаруымен және қорғаныс құралдарымен қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын; білім беру бағдарламасы шеңберінде оқу мақсатындағы ұшқышсыз жүйелерді басқару дағдыларын; жарақаттар, күйіктер, қан кетулер, сынықтар, үсу және өзге де зақымданулар кезінде алғашқы көмек көрсету әдістерін; міндетті оқу-далалық сабақтар барысында меңгерілген практикалық дағдыларды; ақпаратты іздеу, талдау және өңдеу үшін цифрлық құралдарды қолданады.

4) бөлімшенің іс-қимылдарының тактикалық сценарийлерін, оның ішінде цифрлық ортада модельдеу нәтижелерін талдау арқылы; заманауи технологияларды қолдану кезінде туындауы мүмкін тәуекелдерді; жауынгерлік және төтенше жағдайлар кезіндегі штаттан тыс жағдайларды; қабылданатын шешімдердің салдарын талдайды.

5) өзінің және команданың іс-қимылдарының тиімділігін; әртүрлі жағдайлардағы тәуекел деңгейін; басқарушылық және мінез-құлықтық шешімдердің салдарын; Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет етуге жеке дайындығын бағалайды.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі техника-технологиялық, педагогикалық, көркемдік-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық, аграрлық-технологиялық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалады.

